

2026 жылғы 25 ақпан

## БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

**Қазақстандағы жетекші инвестициялық компаниялардың бірі ВСС Invest Қазақстандағы алғашқы еуроғағы қорды іске қосты**

**«ВСС Euro» қоры былтыр желтоқсан айында тіркелді. Қор жеке және корпоративтік инвесторларға қолжетімді, Еуропаның тұрақты кіріс беретін құралдарына инвестиция жасауға мүмкіндік береді.**

Қор еуропалық капитал нарығына экспозиция алғысы келетін инвесторлардың кең тобына арналған. Еуроаймақ елдері әлемнің жетекші дамыған экономикаларының қатарына кіреді. Еуропа елдерінің үлесі әлемдік ЖІӨ-нің 20%-ын құрайды. Еуропа – құбылмалы америкалық нарыққа жақсы әрі арзан балама.

Басқарушылардың ойынша, жоғары кредиттік рейтингі бар облигациялар: континенттің жетекші корпорацияларының тәуелсіз шығарылымдары мен борыштық құралдары қор активтерінің негізін құрайды. Қор белсенді басқару стилін ұстанады.

Пайдың номиналды құны 1 еуроны құрайды. Қордың мақсатты кірістілігі – жылдық 2%-дан бастап.

Биыл екінші тоқсанда Қазақстан қор биржасында (KASE) қордың листингі жоспарланған, содан кейін қордың пайын KASE-де операция жүргізуге рұқсаты бар кез келген қазақстандық брокер арқылы сатып алуға болады.

*«Біз қорларымызды дамытудағы жаңа кезеңді ашып, Қазақстандағы алғашқы еуроғағы инвестициялық қорды іске қосқанымызға өте қуаныштымыз. Бұл қор инвесторларымызға еуропалық нарықтарды әлдеқайда жақын етеді», – деп атап өтті ВСС Invest-тің Басқарушы директоры Руслан Зерилев.*

Қор туралы біздің сайтымыздан толығырақ біліңіз: <https://bcc-invest.kz/1/bcc-euro>

Қор мәліметтері: «ВСС Invest» АҚ басқаратын «ВСС Euro» ИИПК, ISIN – KZPF00001007, тіркелген күні – 2025 жылғы 26 желтоқсан, 2025 жылғы «25» тамыздағы № 08/25.

## **Компания туралы**

ВСС Invest инвестициялық компаниясы Қазақстанның бағалы қағаздар нарығында 1998 жылдан бері қызмет атқарады және брокерлік қызмет көрсету, активтерді, оның ішінде зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару, қаржылық консалтинг, бағалы қағаздар андеррайтингі қызметтерін көрсетеді. ВСС Invest – ЦентрКредит Банкінің еншілес ұйымы.

ҚР ҰБ-ның бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берген 10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензиясы.

## **БАҚ-пен байланысатын тұлға:**

Талита Жұматаева, тел. +7 701 100 36 83  
e-mail: [tzhumatayeva@bcc-invest.kz](mailto:tzhumatayeva@bcc-invest.kz)